

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
PHYSICO-MATHEMATICAL SERIES**

ISSN 1991-346X

Volume 6, Number 316 (2017), 39 – 44

UDC 008.2; 336.76**A.N. Murzakhmetov¹, A.M. Fedotov², M.B. Grishko³, A.E. Dyusembaev⁴**^{1,3,4}Department of Information Systems, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;²Institute of Computational Technologies of SB RAS, Novosibirsk, RussiaE-mail: ¹aslanmurzakhmet@gmail.com, ²fedotov@sbras.ru, ³gmv_87@mail.ru, ⁴anuardu@yahoo.com**MODELING OF DISTRIBUTION OF INNOVATION
IN SOCIO-ECONOMIC SYSTEMS**

Abstract. In this article issues consider the diffusion of innovation in social systems, the dynamics of the spread of innovations in social communities under the influence of the mass media and interpersonal communication, the process of shaping public opinion. Models of innovation dissemination were analyzed. We are realized practical implementation of the simulation of innovation spread and factors affecting the distribution process based on modified Bass model by our. For this, we chose the software product of simulation modeling Anylogic. As the research results show, the processes of distribution of various information messages in social systems can determine mass consciousness and, accordingly, mass behavior of people in these social and economic systems.

Key words: diffusion of innovation, social system, interpersonal communication, media influence, the dissemination of ideas in society, dynamics of innovation spread

ӘОЖ 008.2; 336.76**А.Н. Мурзахметов¹, А.М. Федотов², М.В. Гришко³, А.Е. Дюсембаев⁴**^{1,3,4} Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан;²PFA СБ Есептеу технологиялар институты, Новосібір, Ресей**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАРДА
ИННОВАЦИЯНЫҢ ТАРАЛУЫН МОДЕЛЬДЕУ**

Аннотация. Мақалада әлеуметтік және экономикалық жүйелердегі инновацияның диффузиясы, бұқаралық ақпараттық құралдар (БАҚ) және тұлғааралық коммуникацияның есерінен инновацияның қоғамда таралу динамикасы және қоғамдық пікірдің қалыптасу үрдісі қарастырылған. Инновацияның таралу моделі саралттынған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендегі түрлі ақпараттардың әлеуметтік-экономикалық жүйелерде таралу үрдісі жалпы түсінікті, сәйкесінше осы жүйелердегі адамдардың жаппай қылышын анықтайды.

Тірек сөздер: инновация диффузиясы, әлеуметтік жүйе, тұлғааралық коммуникация, БАҚ есері, қоғамда ой-пірікдің таралуы, инновацияның таралу динамикасы.

Кіріспе. Қазіргі заманда ақпараттың таралуында әлеуметтік жүйелер үлкен рөль атқарады, және осы жағдайда ақпараттық технологиялар қоғамға және жалпы түсінікке тиімді және жылдам есер етуші қару болып табылады. БАҚ және интернет ресурстары арқылы қоғамда дүрлікпе үйымдастыру механизмдерін үзү және қолдану қоғамдағы тұрақсыздықты қамтамасыз етуге қажетті ақпаратты бере алады, мұндай келесеңсіздектер өз кезегінде кез келген мемлекеттік экономикасына көрі есерін тигізеді. Инновация ретінде қандай да бір идеяны, пікірді, ақпаратты қарастыруға да болады.

Осылайша, әлеуметтік жүйедегі ақпараттың таралу динамикасын зерттеу көп салада маңызда, соның бірі экономика саласында.

Қоғамдық пікір – бұл қоғамда болып жатқан жайыттарға, болмыстарға және мәселелерге қоғамның немесе оның бір бөлгінің жасырын немесе анық қатынасын қамтитын жалпы ахуалдың жағдайы. Қоғамдық пікір бірқатар функцияларды аткарады. Олар: ақпараттандыру, кенес беру, бақылау және қоғамның қызығушылығын тудыратын өзекті мәселелер бойынша шешім қабылдауга талап ету. Қоғамдық пікір тек ғана түрлі әлеуметтік факторларға тәуелді емес, сонымен қатар белгілі бір жағдайларда басқа әлеуметтік құбылыстарға әсер етуі мүмкін. Қоғамдық пікірді әлеуметтік жүйелердің түрлі элементтеріне әсер етуін ескере отырып қарастыру керек, нақты айтқанда экономикаға, саясатқа, мәдениет саласына, экологияға және т.б.

Қазірге кезде келген мемлекеттің қор нарығы және қаржы жүйесі бағасының өсу немесе құлдырау оқиғаларына жиі әсер етеді. Бір мемлекеттің өзге мемлекетке, компанияларларға және ресми тұлғаларға қолданылған санкциялары жарияланғаннан кейн БАҚ-да «нарықтың құлдырауы» туралы хабар жиі таратылады, бұл өз кезеңінде қор нарығының және ұлттық валютаның әлсіреуіне ықпал етеді. Осы жайыттарды ескере отырып, көптеген ғалымдар ақпарат немесе инновация диффузиясын терең зерттеді және сол зерттеулер медиаәсерді түсінуге үлкен септігін тигізді. Мысалы, П. Дойчманн және У. Даниельсон жаңалықтар диффузиясын зерттеу барысында олардың басқа инновация диффузияларына қарағанда біршама жылдам таралатынын байқаған. Бұл зерттеулер үлкен маңыздылыққа ие болды себебі, сол арқылы көптеген ғалымдар жаңалықтар диффузиясына жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде қызығушылық танытты [1].

Қоғамдағы инновацияның беталысын болжака, олардың тұтынушы топтардың арасында таралу тапсырмалары ақпараттық коммуникациялық технологиялар сервисі дамымай тұрып пайда болған. XX ғасырдың 60-шы жылдары әлеуметтік жүйелерге инновациялардың ену үрдістерін және қоғамдағы өзгерістерді түсіндіретін математикалық модельдер және концепциялар ұсынылды. Олардың ішінде Э. Роджерс және Ф. Басссты айтуға болады, бұл ғалымдардың зерттеу нәтижелері қазіргі кезге дейін қолданылып және дамып келеді [2].

Эверест Роджерстың диффузиялық моделі. Роджерс өзінің "Диффузия инноваций" атты жұмысында түрлі инновациялардың қоғамда қабылдану деңгейлерін зерттеді. Оның зерттеу нәтижелері бойынша қоғам мүшелерінің шешім қабылдау графигі 5 бөлікке бөлінген қонырау тәрізді қысыққа (қалыпты үлестірім) ұксас. Э. Роджерс стандартты ауытқуларды ескере отырып әрбір сегментке атау және шамалас бағасын берді: инноваторлар (тәуекелге бейім, барлық жаңашылдыққа ашық жеке тұлғалар) - 2,5%; ерте ерушілер (инновация жайлы ақпарат көзі, олардың пікірімен санасады) - 13,5%; ерте көпшілік (жаңа идеяларды және технологияларды бірінші болып қабылдағысы келмейтін адамдар санаты) - 34%; кеш көпшілік (инновацияның артықшылығына сенбей, шұбә көзбен қараушылар) - 34%; артта қалушылар (өткенге, тарихқа байланған және қандай да бір жаңашылдықты баяу қабылдайтын қоғам мүшелері) - 16% [3].

Френк Басстың диффузиялық моделі. Басс моделі бойынша инновациялық өнімді қабылдаушылар санының артуы екі әсермен түсіндіріледі:

- жарнама әсері;
- тұлғааралық коммуникация әсері.

Роджерске қарағанда Басс адамдар санатын 5 емес тек 2 ғана бөлді: 1) инновацияны бірінші кезекте өздері татып көретін және ол жайлы түрлі хабарламалардан білетін адамдар; 2) инновацияны бірінші санаттағы адамдардан біліп, олардың пікіріне құлақ асатын адамдар. Мұнда жарнаманың әсері едәуір төмендейді. Көп жағдайда бірінші санаттығы адамдардың пікірі қызық, себебі новатор үшін бүгінгі қалыпты жағдай ертен көпшілік үшін қалыпты жағдайға айналады. Төменде Басс моделі көрсетілген:

$$\frac{dF}{dt} = \left(p + q \frac{F(t)}{N} \right) (N - F(t))$$

Мұндағы $F(t)$ - t уақыт аралығына дейін инновацияны қабылдаған агенттер саны, N – максималды мүмкін болатын агенттер саны, p – сыртқы әсер ету коэффициенті (жарнама, БАҚ), q - ішкі әсер ету коэффициенті (тұлғааралық коммуникация) [4].

Басс моделі біршама кенейтулерге ие, дегенімен өзінің бастапқы түрінде ол агенттердің көрі өсімін және агенттер аудиториясына бәсекелестікті ескеру мүмкіндігіне қабілетсіз.

Жұмысымызда N көлемді агенттер қоғамын қарастырайық. Жорамалмен, әрбір агент қоғамында әрбір мүшесімен байланыса алды. Айнымалы у арқылы « x » инновациялық идеясы бар агенттер (инноватор) санын белгілейміз. Айттарлық, инноватор n агенттермен бірлік уақыт аралығымен байланысады және инновациялық идеяны k_1 ықтималдығымен беліседі, бұл ретте $k_1 = k_0 p$, мұндағы k_0 – бір байланыстан кейін инновациялық идеяны қабылдау ықтималдығы, p – агенттердің инновация тақырыбы бойынша байланысу ықтималдығы. Басқаша айтқанда, инноватор бірлік уақыт аралығында « x » инновациялық идеяны $k_1 n$ агенттерге таратады, мұндағы $k_1 n$ идеяны қабылдаушылардың математикалық күтілімі. Инноватор және идеясыз агенттен байланысу ықтималдығы тен $\frac{y}{N}$, байланыс нәтижесінде идеяны қабылдау ықтималдығы осы ықтималдықтың k_1 туындысына тен. Осылайша, n байланыста идеяны тым болмаса бір рет қабылдау ықтималдығы келесідей болмақ:

$$q \approx k_1 n \frac{y}{N}$$

Бірлік уақыт аралығында идеяны ерте қабылдаған агенттерден қабылдау санының математикалық күтілімі q туындысының инновациялық идеясы жоқ агенттер санына тен: $q(N - y)$. Сонымен бірге, бірлік уақыт аралығында идеяны қабылдаған агенттердің өзгерген санының математикалық күтілімі келесі тендеумен сипатталады:

$$\frac{dy}{dt} = a \frac{N - y}{N} y \quad (1)$$

мұндағы $a = k_1 n$ – бірлік уақыт аралығында инновациялық идеяны бір агентпен қабылдау ықтималдығы; y – инновацияны қабылдағандар саны; N – инновацияны қабылдауға қабілетті максималды мүмкін болатын агенттер саны.

Егер жаңа идеяны қабылдаушы агенттер тығыздығын $f(t) = \frac{y}{N}$ арқылы белгілесек, онда тығыздық үшін келесі тендеуді аламыз:

$$\frac{df(t)}{dt} = a(1 - f(t))f(t). \quad (2)$$

Логистикалық өсу тендеуі деп аталағын (2) тендуді ең бірінше рет Пьер Ферхольст 1838 жылы популяцияның өсу динамикасын сипаттау үшін жазып шығарды және бұл тендеудің аналитикалық шешімі бар [5].

Идеяны ұмыту әсері және қоғамға ақпараттық қысым көрсету (мысалы БАҚ арқылы) байланысты «Инновация диффузиясы» моделінің жалпылауын қарастырайық. Айттарлық, бірлік уақыт аралығындағы « x » идеясын ұмыту ықтималдығы g шамасына тен, онда gy уақыт аралындағы идеяны ұмытқан агенттердің санының математикалық күтілімінің (1) тендеуі келесі түрге ие болады:

$$\frac{dy}{dt} = a \frac{N - y}{N} y - gy \quad (3)$$

ал (2) тендеу :

$$\frac{df(t)}{dt} = a(1 - f(t))f(t) - gf(t). \quad (4)$$

Сыртқы әсердің қоғамға қарқындылығы $M(t)$ функциясымен белгіленсін, бірлік уақыт аралығанда бір идеядан хабардар болудың ортақ саны k_2 болсын, сәйкесінше идеяны

қабылдамаған агенттердің осы идеядан хабардар болу ықтималдығы тең $\left(\frac{N-y}{N}\right)$ және идеяны қабылдау ықтималдығы тең - k_3 . Онда бірлік уақыт аралығында жаңа идеяны сыртқы жайттардың әсерінен қабылдаудың математикалық күтілімі тең - $M(t)k_2k_3\left(\frac{N-y}{N}\right)$.

Осылайша, (3) теңдеу сыртқы әсерді есебімен келесі теңдеуге көшеді:

$$\frac{dy}{dt} = a \frac{N-y}{N} y + M(t)b \frac{(N-y)}{N} - gy \quad (5)$$

Мұндағы $b = k_2k_3$ - агенттің бірлік уақыт аралығанды инновацияны қабылдау ықтималдығы. $M'(t) = \frac{M(t)}{N}$ арқылы қоғамға қысым көрсету тығыздығын белгілеп, жаңа идеяны қабылдаушы агенттердің тығыздық теңдеуін аламыз:

$$\frac{df(t)}{dt} = a(1-f(t))f(t) + M'(t)b(1-f(t)) - gf(t). \quad (6)$$


(6) теңдеудің он жағындағы бірінші қосылғыш қоғамда инновацияның таралуына қатысты ішкі коммуникациялық үрдістермен байланысты; екінші қосылғыш әлеуметтік жүйеде инновацияның таралуына қатысты сыртқы үрдістермен байланысты, мысалы, БАҚ арқылы; және үшінші қосылғыш (азайтқыш) (6) теңдеуде инновацияны ұмыту әсерімен байланысты. Бұл теңдеу инновация теңдеуі деп аталады, БАҚ әсерінсіз теңдеу ұмыту коэффицентіне байланысты екі шешімге ие: есудің он және теріс динамикасы. Әлеуметтік жүйеде инновацияны тарату сыртқы процестердің әсерінен болса онда инновация динамикасы әрқашан өседі (сурет 1, a), БАҚ болмаса, онда екі шешімнің бірін қабылдайды, яғни, инновацияны ұмыту коэффиценті үлкен болса инновация таратылмайды (сурет 1, б), егер ұмыту коэффиценті үлкен болмаса инновация қоғамда тарайды (сурет 1, в).

Бұл модельдер коммуникациялық гипотезага негізделген, гипотеза бойынша қоғамда ақпараттар алдымен кішігірім топты қамтиды, содан кейін өзге тұлғаларға әсер етеді.


Айталақ, әрбір инноватор идеяны тарату үшін біршама ресурс (энергия) жүмсайды және оның сендіру күші жүмсалған ресурсқа пропорционалды болсын:

$$\frac{df(t)}{dt} = a(1-f(t))f(t)h(R) - gf(t). \quad (7)$$

Инновацияның таралуын тәжірибе жүзінде моделдеу Anylogic [6] имитациялық модельдеу пакетінде орындалған. Бұл модельде агенттердің тәртібін түрлі әсер етуші параметрлердің есебімен зерттеуге болады. Өмірлік циклдың бастапқы деңгейінде инновация жарнама әсері ұшырайды, инновация ешкімге белгісіз, және агенттер оны қабылдау үшін инновация жарнамаланады. Нәтижесінде, жарнаманың тиімділігі, агенттер саны сияқты параметрлерге байланысты агенттердің белгілі бір белгігі инновацияны сыртқы жайттардың әсерінен қабылдайды (жарнама, БАҚ). Инновацияны қабылдаған агенттер санының артуымен жарнаманың тиімділігі төмендейді, бірақ қандайда бір сэтте тұлғааралық коммуникация әсері артады. Бұл эффектінің себебі, агенттер инновацияны ресурс көлемі, сендіру күші, байланыс жиілігі параметрлерінің тәуелділігінен қабылдайды және идеяны енді қабылдаушы агенттер идеяны бірінши болып қабылдаған агенттермен сұхбаттасу нәтижесінде қабылдайды (сурет. 2).



Сурет 1 - Инновацияның таралу динамикасы: *а* - он; *б* - теріс; *в* - акпаратты ұмыту есебімен он.



Сурет 2 - AnyLogic ортасындағы идеяны тарату моделінің диаграммалар классы

Сонымен катар, белгілі уақыт аралығында белгісі бір ықтималдықпен қолданушылардың бір қүйден екінші қүйге ауысуын модельдеуден бөлек, тәжірибелі маңыздылығы және іске асырылуы бойынша қолданушылардың қоғамға тікелей әсері, олардың әртүрлі әлеуметтік байланыстардан ауысу процесстері де үлкен қызығушылыққа ие.

Атальған модель қор нарығындағы инвесторлардың беталысын сипаттауға қолданылуы мүмкін. Бұл ретте, "x" идеясы ретінде инвесторлардың қандайда бір қаржы күралының баға трендісі бойынша көтерілу немесе құлдыруы туралы пікірі болуы мүмкін. Инвесторлар өз бағаларын белгілеу, ұсыну және келісімге тұру арқылы "x" идеясын таратады. Қаржы қүралы бойынша жасалған келісімнің бағасын көру арқылы басқа инвесторлар "x" идеясы туралы біледі, және осы трендті қолдай отырып идеяны қабылдайды немесе қабылдамайды. α және n параметрлерінің косвенный оценкасы дегеніміз тренд кезіндегі сатылған қаржы активтерінің көлемі болып табылады. β коэффициенті трендтің әсер етуі бойынша корреляцияланған. R коэффициенті қоғам арасында қаржы қүралының айтылу жиілігі бойынша бағаланады.

Корытынды. Бізбен өндөлген Bass моделі негізінде инновацияның таралу процесі сипатталынды. Инновацияны модельдеу кезінде циклдық қасиет анықталды. Сұраныс ауытқуы ішкі параметрлер коэффициентіне тәуелді. Жұмыс нәтижелері көрсеткендей, ұлғаю коэффициентінің есебінен біздің жүйе әрдайым турақты, сондықтан жүйе нөльдік күйде болмайды.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Брайант Д., Томпсон С (2004) Основы воздействия СМИ.: Пер. с англ. ISBN 5-8459-0597-4.
- [2] Минаев В.А., Овчинский А.С., Скрыль С.В., Тростянский С.Н. (2012) Как управлять массовым сознанием: современные модели. ISBN 978-5-89789-089-7.
- [3] Rogers E (1995) Diffusion of Innovation. 4 ed. ISBN-13: 978-0029266717.
- [4] Bass F (1969) "A new product growth model for consumer durables". Management Science 15 (5). p. 215–227.
- [5] Ломакин С.Г., Федотов А.М. (2014) Анализ модели передачи информации в сети клеточных автоматов. Вестник НГУ. Серия: Информационные технологии. Том 12, выпуск 3. стр. 86–99. ISSN 1818-7900.
- [6] Borshchev A. (2013) The Big Book of Simulation Modeling: Multimethod Modeling with AnyLogic 6. AnyLogic North America, 614 p.

REFERENCES

- [1] Brajant D., Tompson S (2004) Osnovy vozdejstvija SMI.: Per. s Angl ISBN 5-8459-0597-4 (in Russ.).
- [2] Minaev V.A., Ovchinskij A.S., Skryl' S.V., Trostjanskij S.N. (2012) Kak upravljat' massovym soznaniem: sovremenennye modeli. ISBN 978-5-89789-089-7 (in Russ.).
- [3] Rogers E (1995) Diffusion of Innovation. 4 ed. ISBN- 13: 978-0029266717.
- [4] Bass F (1969) "A new product growth model for consumer durables". Management Science 15 (5). p. 215–227.
- [5] Lomakin S. G., Fedotov A. M. (2014) Analiz modeli peredachi informacii v seti kletochnyh avtomatov. Vestnik NGU. Seriya: Informacionnye tehnologii. Tom 12, vypusk 3. str. 86–99. ISSN 1818-7900 (in Russ.).
- [6] Borshchev A. (2013) The Big Book of Simulation Modeling: Multimethod Modeling with AnyLogic 6. AnyLogic North America, 614 p. ISBN 0989573176.

А.Н. Мурзахметов¹, А.М. Федотов², М.В. Гришко³, А.Е. Дюсембаев⁴

МОДЕЛИРОВАНИЕ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ИННОВАЦИИ В СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМАХ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы диффузии инновации в социальных системах, динамика распространения инноваций в социальных сообществах под воздействием СМИ и межличностной коммуникации, процесс формирования общественного мнения. Были проанализированы модели распространения инноваций. На основе модифицированного нами модели Bassа реализована практическая реализация моделирования распространения инноваций и факторы, влияющие на процесс распространения. Для этого мы выбрали программный продукт имитационного моделирования Anylogic. Как показывают результаты исследования, процессы распространения разных информационных сообщений в социальных системах могут определять массовое сознание и, соответственно, массовое поведение людей в этих социальных и экономических системах.

Ключевые слова: диффузия инноваций, социальная система, межличностная коммуникация, влияние СМИ, распространение идей в обществе, динамика распространения инноваций.

Авторлар туралы мәлімет:

Федотов Анатолий Михайлович - РГА корреспондент-мүшесі, ф-м.ғ.д, профессор, РГА СВ Есептеу технологиялар институты, Новосібір, Ресей;

Дюсембаев Ануар Ермуканович - ф-м.ғ.д, профессор, әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан;

Мурзахметов Асланбек Нурбекович - әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан;

Гришко Михайл Валерович - әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.